

**Омарова М.А.**

т.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
қытайтану кафедрасы, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: madina74.04@mail.ru

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ҚЫТАЙ: ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ  
ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

Орталық Азия елдері тәуелсіздіктерін жариялағалы бері халықаралық қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде әлем елдерімен тең құқылық негізінде өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асырып келеді. Қытай елімен жан-жақты байланыстарды дамыту Орталық Азияның елдері сыртқы саясатының басым бағыттарының біріне жатады. Ширек ғасыр ішінде өзара байланыстар қарапайым сауда ынтымақтастығынан стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді. Екіжақты және көпжақты байланыстар дамудың жоғары деңгейіне жеткенмен, түрлі саяси, экономикалық факторлар әсерінен күрделі мәселелердің туындап жатқаны да шындық. Солардың қатарында экология мен қоршаған ортаны қорғау мәселесі бүгінгі таңда өте өзекті болып отыр. Мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға талпыныс көршілес мемлекеттің мүддесіне қайшы келетін жағдайларды тудыруы мүмкін.

**Түйін сөздер:** Орталық Азия, Қытай, халықаралық қатынастар, экология, қоршаған ортаны қорғау.

Omarova M.A.

Candidate's degree in Historical sciences, al - Farabi Kazakh National University,  
Department of Sinology, Kazakhstan, Almaty, e-mail: madina74.04@mail.ru

**Central Asia and China: cooperation in the field of ecology and environment**

Since the declaration of independence, the countries of Central Asia as full members of the international community, on the basis of equality of mutual benefit, develop relations with the states of the world. The development of multilateral ties with China is one of the priorities of the foreign policy of Central Asia. Relationships for a quarter of a century from simple trade have grown to the level of strategic partnership. Despite the fact that bilateral and multilateral relations have reached a high level of development, due to various political and economic factors there appear new problems. Among them, the problem of environmental protection and environmental protection is acute. Attempts to implement projects that are strategically important for the state sometimes lead to situations that are contrary to the interests of neighboring countries.

**Key words:** Central Asia, China, international relations, ecology, environmental protection.

Омарова М.А.

к.и.н., Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
кафедра китаеведения, Казахстан, г. Алматы, e-mail: madina74.04@mail.ru

**Центральная Азия и Китай: сотрудничество в области экологии и окружающей среды**

Со времени провозглашения независимости страны Центральной Азии в качестве полноправных членов международного сообщества, на основе равенства взаимной выгоды развивают отношения с государствами мира. Развитие многосторонних связей с Китаем является одним из приоритетов внешней политики Центральной Азии. Взаимосвязи за четверть века от простой торговли выросли до уровня стратегического партнерства. Несмотря на то, что двусторонние и многосторонние отношения достигли высокого уровня развития, в силу различных политических и экономических факторов, появляются новые проблемы. Среди них остро стоит проблема экологии и охраны окружающей среды. Попытки реализовать стратегически важные для государства проекты порой приводят к ситуациям, противоречащим интересам соседних стран.

**Ключевые слова:** Центральная Азия, Китай, международные отношения, экология, охрана окружающей среды.

## Кіріспе

Орталық Азия елдері мен көршілес Қытайдың байланыстары дипломатиялық байланыстар орнағалы бері түрлі салаларды қамти отырып, сапалы деңгейге көтерілді. Тараптар арасындағы сауда-экономикалық, саяси, қауіпсіздік, мәдени-гуманитарлық салалардағы қатынастардың құқықтық-шарттық негізі қаланып, қарқынды дамуға бет алған. Алайда өзара байланыстар дамуын тежейтін өзекті мәселелер де жоқ емес. Экология мен қоршаған ортаны қорғау бүгінгі таңда әлемнің барлық дерлік елдерінің күн тәртібіндегі маңызды мәселелерінің біріне айналды. Ғаламдық ғылыми-техникалық прогресс, ақпараттық технологиялардың дамуы адамзат дамуының бірден-бір көрсеткіші ретінде саналғанмен, олардың пайдасымен қатар тиімсіз тұстары мен теріс әсерлері де бар екендігін өмір шындығы дәлелдеп отыр. Өндірістік және өнеркәсіптік даму салдары табиғаттың ластануына, ол өз кезегінде адам денсаулығына зор зардабын тигізуде. Соған байланысты экология мәселесі қазіргі кезде бір ғана аймақтың, мемлекеттің ішкі экономикалық мәселесі шеңберінен шығып халықаралық, тіпті ғаламдық мәселеге айналған.

### *Қытайдағы экологиялық ахуал*

Орталық Азия аймағы Қытай елімен көрші болғандықтан олар ортақ бір географиялық табиғи ортаны құрайды. Баршаға белгілі әлемдік нарықты өз тауарларымен жаулап алған Қытайдың өнеркәсіптік дамуы үлкен экологиялық мәселені тудырып отыр. Қоршаған орта мәселесі бүгінгі таңда Қытайдың ең өзекті мәселелерінің біріне айналған. Олардың қатарында:

- Ауаның ластануы;
- Егістік жерлердің жоғалуы;
- Шөлейттену;
- Сулы-батпақты жерлердің жоғалуы;
- Жайылымдардың тозуы;
- Адам қайраткерлігі нәтижесінде болатын табиғи апаттардың көлемі мен жиілігінің ұлғаюы;
- Өзен ағынын бүлдіру;
- Топырақтың тұздануы мен эрозиясы;
- Қалдықтардың жиналуы;
- Су ластануы мен тапшылығы.

Қытайдың кейбір қалаларындағы ауаның ластану көрсеткіші адам денсаулығына қауіпсіз болатын деңгейден бірнеше есе жоғары. 16 қытай қаласы Жердің ең лас 20 қаласының қатарына енген. Ауаны ластайтын азот оксиді және көміртекті диоксиді сияқты заттардың

көбеюі автомобильдер санының артуымен және негізінен көмірмен жұмыс жасайтын электр стансаларының бөліп шығаратын электр қуатының мөлшерімен тікелей байланысты. Көмір Қытайдың тұтынатын барлық энергиясының 68,7 пайызын қамтамасыз етеді. ҚХР АҚШ, Жапония және Еуропа бірігіп тұтынғаннан артық көмір жағады. Әлемдік көмір тұтынудың 55 пайызы Қытайдың үлесіне тиеді. Оған қоса ол жыл сайын көмір тұтынуды 10 пайыздан аса көлемде арттырып келеді.

Өзен-көлдер суалып, ормандардың 75 пайызы оталған. Қытай әлемдегі орманы ең аз мемлекеттердің қатарына кіреді, орташа әлемдік көрсеткішпен салыстырғанда адам басына шаққанда 0,3 акр келеді екен, аумағының 16 пайызын ормандар алып жатыр. Ел үкіметі орман алқаптарын ұлғайту мақсатында ағаштардың жекелеген түрлерін отырғызуды қолға алған, алайда орманды жерлердің аумағы өскенімен табиғи ормандар көлемі, әсіресе ескі ағаштар көлемі қысқарған (1).

Су қорларының азаюы мен су сапасының нашарлауы – Қытайдың экологиялық мәселелерінің бірі. Өзендер мен көлдердің 75 пайызы және жерасты суларының 90 пайызы қатты ластанған. Көптеген өзендердегі судың улы болғандығы сонша, олар тіпті суару жұмыстарына да жарамсыз болып қалған. Сондай-ақ өнеркәсіп қалдықтарынан шыққан ағын сулар Қытай өзендерінің суын ішуге және балық өсіруге жарамсыз етті. Көптеген қалаларда жерасты сулары фенол, цианид, сынап, мышьяк қосылыстарымен ластанған. Мұнайдың, ауыр металдардың және басқа да зиянды заттардың түсуі нәтижесінде теңіз сулары да ластанған. Ағын сулар су тоғандарына тазартылмай, нормаларды бұзу арқылы құйылады. Азияның ең ірі өзені Янцзыға миллиардтаған тонна тазартылмаған су ағындары құяды. Оған қоса жерасты суларының шамадан тыс қолданылуы өзен-көлдердің құрғауына, ал ол өз кезегінде ондаған қалалардың шөгуіне алып келді. Қытайдың көптеген қалаларында, тіпті Бейжің, Шаңхай, Тяньцзинь, Хаңжоу, Сиан сияқты ірі қалаларының өзінде әлемдегі ең ірі жерасты шұңқырлары пайда болған. Кейбір ғимараттар жер астына кетіп жатса, кейбіреулерінде сызаттар пайда болған, көпірлер мен теміржолдар да қираған.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дамуы, халықтың тұрмыстық қажеттілігін айтпағанда, су ресурстарының жылдан жылға көп тұтынуға алып келді. Қарқынды экономикалық дамудың нәтижесінде су елден кетіп, көлдер

суалып, өзендер құрғап, мұздықтар еріп жатыр. Сонымен қатар су ағысының қысқаруы және ағын сулардың ластануы Қытаймен көршілес жатқан Орталық Азия аймағының табиғи тепе-теңдігін бұзып, қайғылы салдарларға соқтыруы мүмкін (Власова, 2013).

*Орталық Азиядағы экологиялық жағдай және оның құқықтық реттелуі*

Ғаламдық мәртебеге ие болған экологиялық мәселе қазіргі таңда Орталық Азия аймағы елдерін де толғандырып жүрген маңызды мәселелердің қатарында. Заман озған сайын өзінің өзектілігін арттырып келе жатқан қоршаған ортаны қорғау мәселесі адамзат баласының өз қолымен жасап отырған мәселесі екенін ұмытпауымыз қажет. Сондай-ақ аймақтағы экологиялық мәселе Орталық Азияның қауіпсіздігі мәселесімен тығыз байланысты қарастырылуда. Аймақ елдері бір географиялық ортаны құрайтындықтан түрлі экономикалық шарттарға қарамастан бір ғана мемлекет емес, бүкіл әлемге қауіп төндіріп тұрған экологиялық мәселе Орталық Азия елдерінің ортақ мәселесі екені айтпаса да түсінікті.

Қазақстан мен Орталық Азияның елдері үшін экологияның ортақ мәселе болуы олардың кеңес заманында шикізат бағытындағы өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өндірістің кешендік қатары болғандығымен түсіндіріледі. Нәтижесінде негізінен тау өнеркәсібінің миллиардтаған тонна қатты қалдықтары (тек Қазақстанның өзінде 22 миллиард тонна қалдық бар) жинақталған, ол өз кезегінде жер ресурстарының істен шығуына, әуе кеңістігі мен жерүсті және жерасты су ресурстарының ластануына алып келді. Мамандардың айтуынша, қазір аймақтың экологиялық жағдайы өте мүшкіл.

Орталық Азия аймағына ортақ экологиялық қауіптер қатарына мыналар жатады: жабайы табиғаттың біртіндеп жойылуы, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне қауіп төну үрдісі, кезіндегі құнарлы жерлердің шамадан тыс химияландырылуы және олардың жер ресурстары жүйесінен шығарылуы, су ресурстарының дәйекті түрде пайдаланылмауы, жерүсті және жерасты су ресурстарының, әуе кеңістігінің ластануы. Ғаламдасу жағдайында аймақ халықтарының дәстүрлі мәдениеті қалыптасқан тарихи-этнографиялық экожүйенің біртіндеп жойылу мәселесі алға шығып, Орталық Азияның табиғи-климаттық жағдайында тарихи еңбек бөлінісі рөлінің төмендеуі орын алды. Аймақ қауіпсіздігі үшін Ферғана жазығы ерекше тәуекел өңірі болып саналады, өйткені адамның шаруашылық қызметінен мұра ретінде қалған жердің, судың, азық-түліктің жетіспеуші-

лігі экологиялық мәселелермен бірге ол жерде өмір кеңістігіне демографиялық масса қысым жасайды. Жалпы бүкіл әлемде орын алған көмірқышқыл газы, метан және тағы басқа зиянды заттардың бөлінуі нәтижесінде атмосфераның ластануы, осылайша озон қабатының бұзылуынан болатын климаттың жылынуы мен булану әсерлері Орталық Азия аймағының экожүйесіне орасан зор қауіп туғызып тұр. Зерттеушілердің пікірінше, атмосфераға зиянды заттардың бөлінуі мұздықтардың еруіне, қатты қуаңшылыққа, шөлейттену үрдісіне, өзен ағыстарының қысқаруына, биологиялық әртүрліліктің жойылуына, жауын-шашын қарқындылығының артуына және шаңды дауылдардың пайда болуына және т.б. тікелей қатысы бар. 2030-2050 жж. қарай Орталық Азияда температура 1-3 градусқа жоғарылайтыны болжануда. Ауаның жылынуы өз кезегінде мұхиттар, теңіздер, көлдер, су қоймаларындағы судың булану қарқынының артуына әкеп соқтырады.

Бұл таулардағы жауын-шашын түсуінің қалыпты деңгейін көтеріп жіберуі мүмкін. Тау бөктерлерінің эрозиясы артып, тау көшкіні белсене түседі. Су қоймалары сияқты су объектілерінің шөгу қарқындылығы артады. Артып келе жатқан сұйық және қатты жауын-шашын ағынын жинақтау мақсатында зерттеушілер шөгуді болдырмау үшін үлкен су қоймалары көлемін арттыруды ұсынады (Арифов Х.О., Арифов П.Х., 2014).

«Лас технологияларды» Орталық Азияға көшіру үрдісі парниктік әсер мәселесімен тығыз байланысты, оған қоса әзірге жаңа мемлекеттердің экологиялық қауіпсіз технологияларды қолдануға қажетті мүмкіндіктері жоқ. Осындай жағдайда аймақ болашағы үшін экологиялық зардаптарды бейтараптандыру мақсатында дәйекті түрде ойластырылған экологиялық саясат қажет.

Посткеңестік Орталық Азия қауіпсіздігінің маңызды мәселелерінің бірі – радиоактивті қалдықтар. Өткен ғасырдың көптеген өнеркәсіптік және ауылшаруашылық нысандарының шикізаттық бағытталуы 22 млрд. тоннадай тау жыныстарының қатты қалдықтарын мұраға қалдырды, олардың ішіндегі кейбірі аса қауіпті уран рудаларының қайта өңдеу қалдықтары болып келеді. КСРО кезінде тау-кен өнеркәсібі жер қойнауынан орасан зор көлемде тау жыныстарын шығара отырып, тек 5-10 пайызын ғана пайдалы шикізат ретінде пайдаланып, негізгі бөлігі қоқыс төгетін өрістер мен қоймаларға жинала берген. Қазіргі таңда қолданылып

жатқан шараларға қарамастан Тәжікстан Республикасының тау-кен өнеркәсібі кәсіпорындарының қоқыс төгетін қоймалары мен өрістері өте мүшкіл жағдайда, қоқыстардың құрамындағы негізгі ластаушы радионуклидтер қатарында уран, радий, полоний, торий, сүрме және сынап бар. Тәжікстанның сейсмикалық белсендігі жоғары аймақ екенін ескерсек, сондай-ақ қатты жаңбыр, нөсер, көшкіннің тұрақты түрде орын алуы қоршаған ортаның ластану қаупін одан сайын арттыра түсетіні белгілі (4).

ТМД мемлекеттерінің барлығы ұлттық Конституцияларында қолайлы табиғи ортада өмір сүруге деген адам құқықтары туралы ережелер бар, Қазақстан да осы елдермен экология саласында ынтымақтасып отыр. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы 2004 жылдың 22 желтоқсанындағы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес тараптар теңдік пен өзара тиімділік негізінде тұрақты даму принциптерін басшылыққа ала отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асыруға, табиғи ресурстарды дәйекті түрде пайдалану мен молайтуға міндеттеме алды.

Өзбекстан Конституциясы әрбір азаматты қоршаған табиғи ортаға қамқорлықпен қарауға, меншік иелерін өз мүліктерін пайдалануда экологиялық ортаға зиян келтірмеуге міндеттейді, жерді, оның қойнауын, сулар, өсімдік пен жануарлар әлемін және басқа да табиғи ресурстарды жалпыұлттық байлық деп жариялайды. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметі арасындағы 1997 жылы 2 маусымда Алматы қаласында жасалған Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімде тараптар қоршаған ортаның біртұтастығы мен бөлінбейтіндігін, оны қорғау мен тұрақты түрде дамытудағы мүдделердің ортақтығын мойындайды. Тараптар қоршаған ортаға келетін кері әсерлерді ашу, зерттеу, болдырмау, қысқарту мақсатында ынтымақтасу; экологиялық заңдарды үйлестіру, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты қолдануды нормативті-құқықты реттеу; атқарылған жұмыстар жөнінде бір-біріне ақпарат беруге ниет білдірді.

Қырғыз Республикасының конституциясында ел азаматтарының өмір мен денсаулыққа қолайлы қоршаған табиғи ортада өмір сүруге деген құқықтары белгіленген. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметі арасындағы Қоршаған ортаны қорғау

саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге 1997 жылдың 8 сәуірінде қол қойылған және осы саладағы ынтымақтастықтың көптеген жақтарын қамтиды. Аталған мазмұндағы халықаралық құжаттар басқа да көршілес жатқан мемлекеттермен жасалынған. Оларда тараптар негізінен қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарды үйлестірудің ортақ бағдарламаларын қарастырады, олардың қатарында ережелер, нормативтер мен стандарттар, қоршаған ортаны зерттеудегі ынтымақтастық; тиісті ақпарат алмасу, экологиялық қауіпті жағдайлар туралы өзара ескерту жүйесін құру, өз аумақтарында экология саласындағы негізгі халықаралық құжаттардың жұмыс жасауын мойындау және т.б. қарастырылған. Орталық Азияның ең күрделі трансшекаралық экологиялық су мәселелерінің бірі Арал теңізінің жағдайы. Бұл аймақтық деңгейде өзара тиімді шешімдерді әзірлеуді қажет етеді (Абайдельдинов, 2012).

Жаһандық деңгейге көтеріліп отырған экология мәселесі әлемнің жекелеген елдерінің тек ішкі саясаты ғана емес, ортақ географиялық орта біріктірген аймақ елдерінің сыртқы саяси-экономикалық мәселесіне айналған. Сондықтан аталмыш мәселені шешуде мүдделер ортақтығы, тарихи, мәдени тағдырластық басшылыққа алынатыны сөзсіз.

*Орталық Азия мен Қытайдың экология саласындағы ынтымақтастығының көрінісі*

Орталық Азия елдері тәуелсіздіктерін жариялағалы бері Қытайды өздерінің сыртқы саяси серіктестерінің ішіндегі маңыздылары қатарына жатқызады. Ол көптеген факторлармен шарттасқан. Өзара ынтымақтастық қарапайым сауда байланыстарынан басталып, саяси, экономикалық, қауіпсіздік саласы, тағысын тағы дами келе бүгінгі таңда стратегиялық әріптестік деңгейіне көтеріліп отыр. Өзара байланыстардың қарқындылығы жылдан жылға арта түсуде, өзара сауда айналымы да рекордтық көрсеткіштерге жетіп отыр, алайда мұның барлығы мүлдем мәселе жоқ дегенді білдірмейді. Дамумен қоса шешуін күтіп отырған мәселелер де баршылық. Солардың қатарында экология және қоршаған ортаны қорғау мәселесі.

Қытай мен Орталық Азияның бес мемлекетінің экология мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастығының мүмкіндіктері мен әлеуеті сарқылған жоқ, олар төмендегі 8 жақтан көрініс тапқан:

1. «Бір белдеу – бір жол» бастамасы негізінде Қытай мен Орталық Азия елдері өзара байланыстарды жандандыра түсуде, барлығы

дерлік стратегиялық әріптестік байланыстар орнатты, ол экология мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастығына өте қолайлы саяси және сыртқы орта құрып отыр. Қазақстан – Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» құрылысындағы батысқа салынған жолдың алғашқы аялдамасы, Қытай төрағасы Си Цзинпин 2013 жылғы Қазақстанға сапары барысында «Жібек жолының экономикалық белдеуінің» құрылысы туралы бастаманы ұсынған болатын. Сол кезден бері «Бір белдеу – бір жол» бастамасы біртіндеп ұсыныстан нақты әрекеттерге ұласып, теория практикаға ауыса бастады, сөйтіп, бүкіл халықаралық қауымдастық қабылдаған ғаламдық ортақ өнімге айналды. Орталық Азия елдері Қытаймен стратегиялық әріптестік байланыстарды дамыту жөніндегі декларацияларға қол қоя отырып, өзара ынтымақтастық деңгейін өте жоғары дәрежеге көтерді.

2. Орталық Азияның бес мемлекеті, әсіресе Қазақстан экология мен қоршаған ортаны қорғауға және жасыл экономиканың дамуына баса назар аударады. Ынтымақтастық нысандарының шектеулігі мен талаптары тұрғысынан айтар болсақ, бұл бір жағынан шешімі қиын мәселе болса, екінші жағынан үлкен мүмкіндік. Бұл тек Қытайдың жасыл өндірісін, жасыл өнімдерін, жасыл технологиялары мен жабдықтарын «шығару» ғана емес, сондай-ақ Орталық Азия елдерінің жасыл экологиялық өнімдерін «кіргізу», Қытай арқылы әлемге шығару мүмкіндігі ретінде қарастырылады. Қазақстан – ТМД елдері ішінде бірінші болып қоршаған ортаны қорғау туралы заң мен жасыл энергияға көшу туралы резолюцияны қабылдаған мемлекет. 2016 жылдың сәуір айында Н. Назарбаев «Жасыл экономикаға» көшу туралы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу» жобасына қол қойды. Бұл жоба «Жер туралы заңға», «Су туралы заңға», «Қоршаған ортаны қорғау туралы заңға», «Кәсіпкерлік туралы заңға», «Салық заңына», «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңға» және тағы басқа заңдарға түзетулер мен толықтырулар енгізді, «Жасыл экономикаға көшуді жүзеге асырудың» 2020 жылға дейінгі іс-қимыл жоспары болып саналады. 2017 жылдың маусым айында Қазақстан Энергетика министрлігінің Ақпараттық кеңсесі Астана Экспо көрмесі негізінде халықаралық жасыл технологияны дамыту орталығын құратынын айтты. Орталықтың қызметі негізінен жеті бағытты қамтиды: электр энергиясын тасымалдау, қаланы гүлдендіру, жасыл экономиканы дамыту, жасыл

технологиялар мен тәжірибелерді алға бастыру, жаңартылатын энергия көздерін дамыту және жасыл өсім әлеуетін зерттеу. Халықаралық жасыл технологияларды дамыту орталығы ең алдымен, Орталық Азия елдерін, Иранды, Ауғанстанды, Моңғолияны және Әзербайжанды тартатын болады, содан кейін ЭЫДҰ, ЕО, Ресей, Қытай, Үндістан және Латын Америкасы және басқа да индустриалды өңірлерді ынтымақтастыққа шақыратын болады.

3. Эко-мәдени туризм индустриясы Орталық Азия елдерінің маңызды даму салаларына жатады, ынтымақтастық болашағы өте зор. 2017 жылдың маусым айында Қытай мен Қазақстан ел басшылары «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының бірлескен декларациясына» қол қойды, құжатта «Бір белдеу – бір жол» құрылысы мен «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатын біріктірген ынтымақтастық бағдарламасының зор мәні бар екендігі айтылған. Тараптар жоғарыда аталған бастама шеңберінде өндіріс қуаты мен инвестициялық ынтымақтастықты тереңдетуге, өзара байланыс пен өзара іс-қимылды нығайтуға, инфрақұрылымды құру, транспорт пен логистика, сауда, машина жасау, ауыл шаруашылығы, туризм салаларындағы ынтымақтастықты тереңдетуге келісті. Дәл осылай, Өзбекстан Үкіметі де туризм саласындағы ынтымақтастықты дамытып, жақсартуға, туризм сапасы мен қызмет көрсету сапасын біртіндеп арттыруға баса назар аударады. Орталық Азияның жүрегінде орналасқан Өзбекстан ежелгі «Жібек жолында» ерекше рөл атқарады. Өзбекстан астанасы Ташкент Орталық Азияның ежелгі әйгілі қаласы ретінде ежелгі Жібек жолындағы маңызды сауда және қолөнер орталығының бірі, Батыс Хань дәуірінің белгілі саяхатшысы Чжан Цянь мен Таң дәуірінің философ-ғалымы Сюань Цзан осы жерде болған. 2016 жылдың 2 желтоқсанында Өзбекстан «Өзбекстан Республикасының туризм саласын қарқынды дамыту кепілдіктері» атты президенттік жарлық жариялады. «Өзбекстанның туризм туралы заңы» да үкімет саясатын жүзеге асыратын маңызды анықтамалыққа айналған. «2017-2021 жылдарға арналған Өзбекстан Республикасының 5 басым даму саласының іс-қимыл стратегиясында» туризм саласына ерекше мән берілген, атап айтқанда, туристік міндеттемелер мен кепілдіктерді қарқынды түрде дамыту, Өзбекстан экономикалық дамуының стратегиялық саласына айналдыру. 2017 жылдың мамыр айында Өзбекстан Республикасы президенті Ш. Мир-

зиев Қытайға сапар жасады, екі елдің Туризм министрліктері «2017-2020 жылдары туристік ынтымақтастықты дамыту келісіміне» қол қойды. Бүгінгі таңда Өзбекстан қытай туристеріне ерекше жағдайлар жасайтын жоба ұсынып отыр, бұл жоба Қытайға Өзбекстанның туристік визаларын ресімдеу уақытын қысқартады және жеңілдететін болады.

4. Орталық Азия елдері егістік жер ресурстарына өте бай, бірақ ауқымды басқару көп мөлшердегі қалдықтардың шығуына әкеледі, жалпы ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықтың әлеуеті зор. Орталық Азияның бес мемлекетінде егістік жерлер көлемі адам басына шаққанда айтарлықтай жоғары, бірақ мемлекеттердің даму деңгейі жоғары емес, жер пайдалану қарқындылығы мен ауыл шаруашылық техникасы төмен деңгейде, жан басына шаққандағы егістік жер әлемнің орташа деңгейінен асып түседі, ауыл тұрғындарының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін егістік жерлердің жалпы ауданы айтарлықтай кеңейді, алайда егістік жерлер көп болғанымен, өнімділік аз. Дүниежүзілік банк жариялаған ресми мәліметтерге сәйкес, Қазақстандағы жан басына шаққандағы егістік жерлер 2014 жылы мол болған (1,7 га/адам), әлемде Австралиядан (1,7 га/адам) кейінгі екінші орында, алайда, Австралия жан басына шаққанда 1,615 тонна астық өндіреді, ал Қазақстанның көрсеткіші тек 0,975 тоннаны құрайды. Ауыл шаруашылығы Қазақстанның дәстүрлі басым саласы болып табылады, бірақ жерді пайдаланудың төменгі деңгейі оның ауыл шаруашылығын дамытуын шектеді, әлем елдері жер игеруді белсенді дамытып, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласын қарқынды дамытуға бет алған бүгінгі таңда Қазақстанда 9 млн гектар жер әлі игерілмеген. Бұл жер аумағының үлкендігі, адам санының аздығы және т.б. көптеген жағдайлармен шарттасқан. Қазақстанның ауыл шаруашылығының дамуына инвестициялар тарту Қытай мен Қазақстан ынтымақтастығын нығайтудың бірден-бір жолы болып саналады.

5. Орталық Азияның бес елінде тұщы су ресурстарының жетіспеушілігі және судың төмен өнімділігі өзекті мәселе болып отыр. БҰҰ-ның стандартына сәйкес, аймақтағы жан басына шаққандағы су ресурсы 1700 текше метрден төмен, су жетіспеушілігі 1000 текше метрді, су тапшылығы 500 текше метрді құрайды. Дүниежүзілік банк мәліметтеріне сәйкес, 2014 жылы Өзбекстан мен Түрікменстанның жан басына шаққандағы су ресурстары сәйкесінше 531 текше

метр және 265 текше метр болды, бұл су жетіспеушілігінің нақты көрінісі. Әлемде жан басына шаққандағы су ресурстары 5926 текше метрді құрайды, Қазақстанның жан басына шаққандағы су ресурстары 3722 текше метрді құрайды, Тәжікстан – 7650 текше метр, Қырғыз Республикасы – 8 385 текше метрді құрайды, әлемнің орташа деңгейіне жақын, Орталық Азияның 5 мемлекетінің әлемдегі су ресурстары жеткіліксіз елдер қатарына кіргендігін байқауға болады. Сонымен бірге Орталық Азияның бес елінің су өнімділігі әлемдік орташа көрсеткіштен төмен болып отыр (18,28), оның ішінде Қазақстан – 8.71, қалған 4 мемлекет, Түрікменстан – 1.25, Өзбекстан – 0.96, Қырғыз Республикасы – 0.73, Тәжікстан – 0.65, әлем бойынша ондыққа кіріп отыр. Бұдан басқа Орталық Азияның бес елінде көптеген трансшекаралық өзендер бар, су ресурстарын игеру және пайдалану мәселесі өте күрделі, су мен топырақты есепсіз, ауқымды пайдалану нәтижесінде экологиялық проблемалар туындап отыр.

6. Орталық Азияның бес елі таралған көмірқышқыл газының қысымына тап болып отыр, энергия үнемдеу әлеуеті жоғары. Дүниежүзілік банктің мәліметтері бойынша 2013 жылы Қазақстандағы жан басына шаққандағы көмірқышқыл газ бөлінуі 15,43 тоннаға жетті, Түрікменстан – 12.77 тонна әлемдік орташа көрсеткіштен жоғары (4,99 мт / адам). Бұл ХХІ ғасырға аяқ басқаннан кейін жедел индустрияландыру мен урбанизация үрдісімен тікелей байланысты болуы мүмкін – экономикалық даму көмірге деген сұранысты көтерді, бірақ көміртегі шығарындылары экологиялық проблемаларға көңіл бөлу қажеттігін туғызды [6].

#### *Экологиялық мәселелерді шешу жолдары*

Экология саласындағы қауіпсіздік саясатын жүргізу үшін мемлекеттерге су-энергетикалық мәселелер бойынша екіжақты және көпжақты форматта жұмыс жасау керек. Атап айтар болсақ, тамшылатып суарудың заманауи технологияларын қолдану, арнайы су себу қондырғыларын пайдалану, қымбат тұратын каналдарды салудың орнына егістік жерлерді суару үшін құбырлар жүргізу және т.б.

2014 жылғы АТЭС саммитінде ҚХР-дың атмосфера ластануын төмендету және энергия көздерін жаңартылатын көздерге ауыстыру бойынша жоспары жарияланды. Атап айтқанда, ҚХР-дың экологиялық бағдарламасының маңызды бөлігі қоршаған ортаны ластамайтын электромобильдер жасауды ұлғайту болып табылады. 2015 жылдың наурыз айында Қытайдың көлік министрлігі елдегі электромобильдер санын

300 мыңға жеткізу, оның ішінде электр қозғалтқыштармен жүретін автобустар – 200 мың, такси – 100 мың болатын жоспарын жария етті. Қалаларда қазірдің өзінде қайта зарядтауға арналған стансалар салынууда. Оған қоса азаматтарды экологиялық таза машиналарды сатып алуға ынталандыратын салықтық шаралар да қарастырылған. Қытайдың билік органдары мен кәсіпорындары өз қажеттері үшін мүмкіндігінше экологиялық автомобильдерді көбірек пайдалану туралы нұсқаулар алған. Сондай-ақ олар үшін көмірсутектік отынға арналған субсидиялар төмендетілген. Қытайдың өнеркәсіп пен ақпараттандыру министрлігінің хабарлауы бойынша, 2015 жылдың алғашқы жартысында баламалы отындар түрін пайдаланатын машиналар өндірісі 3 есеге артқан. Қытай автомобиль өндіру ассоциациясының болжамы бойынша, 2015 жылы Қытайда 250 мыңға жуық электрокарлар сату жоспарланған – әлемнің басқа елдерінен әлдеқайда көп. Осы орайда электроника мен тұрмыстық техниканың негізгі өндірушісі болып табылатын жапондық «Panasonic» корпорациясының электрокарлар мен гибриді автомобильдерге арналған батареялар шығаратын Қытайдағы алғашқы зауытты салу туралы шешімін айту керек. Бұл компания әлдеқашан гибриді машиналарға арналған батареялардың негізгі жеткізушісіне айналған (7).

2017 жылдың мамыр айында Жапонияның «Panasonic» корпорациясы Қытайдың Далянь қаласында автомобиль батареяларын шығаратын зауыт салуға 2 млрд. юань инвестиция құйды. Бұл зауыт жергілікті Ляонин кәсіпорнымен ынталасқан 2-ші бірлескен кәсіпорын болып саналады (8).

### Қорытынды

Жалпы, Орталық Азия аймағындағы көптеген экологиялық бағдарламалар тек қаржыландырудың жетіспеушілігінен ғана емес, әрине, бұл да өте маңызды, сондай-ақ экологиялық қауіпсіздік мәселесіне келіп тірелетін саяси ұстанымдар есебінен де жүзеге аспай отыр. Алайда экологияны сақтау міндеті және жердегі өмірдің өзі саяси салада да өзара мәмілеге келу қажеттігін талап етеді. Халықаралық қатынастар тәжірибесі кез келген мәселені шешуде, соның ішінде қоршаған ортаны қорғауда екіжақты келісім-шарттардың анағұрлым тиімді екендігін көрсетті. Сондықтан әлемдік қауымдастықтың кез келген мүшесі халықаралық қатынастарда болсын, ішкі саяси-экономикалық қайраткерлікте болсын, өзінің ұлттық мүддесімен қатар келісуші тараптың, әсіресе бір табиғи ортаны пайдаланатын елдердің мемлекеттік мүдделерін ескеру керек деп санаймыз.

### Әдебиеттер

- Экологические проблемы Китая // <http://gnoom63.livejournal.com/11731.html>  
 Власова Е. Экологическая ситуация в Китае – проблема для всего мира // <http://bellona.ru/2013/03/13/ekologicheskaya-situatsiya-v-kitae-probl/>  
 Арифов Х.О., Арифов П.Х. Климатические изменения как фактор угрозы энергетической безопасности региона и необходимость принятия превентивных мер // Мат-лы междунар. конф. «Проблема безопасности государств Центральной Евразии в условиях современного мироустройства: тенденции и подходы к обеспечению стабильности. – Душанбе, 2014, С.173-177.  
 Майтдинова Г.М. Экологическая ситуация в Центральной Азии: проблемы и перспективы решения // <http://www.contur.kz/node/2968>  
 Абайдельдинов Е.М. Вопросы обеспечения экологической безопасности в регионе Центральной Азии // Сборник материалов с конференции «Совершенствование института представительства: вопросы правотворчества и правоприменения». – Астана, 2012.  
 “一带一路” 专题研究报告. 北京师范大学中国市场. 经研究中心太和智库. 2018 年1 月  
 Бокарев Д. Экологические проблемы Китая: есть ли выход? // <https://ru.journal-neo.org>  
 日本松下在大连投了20个亿, 创建车载电池工厂 // [http://www.sohu.com/a/141826100\\_555290](http://www.sohu.com/a/141826100_555290)

### References

- Ekologicheskie problemy Kitaya // <http://gnoom63.livejournal.com/11731.html>  
 E.Vlasova. Ekologicheskaya situatsia v Kitae – problema dlya vsego mira // <http://bellona.ru/2013/03/13/ekologicheskaya-situatsiya-v-kitae-probl/>  
 Arifov H.O., Arifov P.H. Klimaticheskiye izmeneniya kak factor ugrozy energeticheskoi bezopasnosti regiona i neobhodimost' prinyatiya preventivnyh mer // Mat-ly mezhdunar.konf. «Problema bezopasnosti gosudarstv Central' noi Evrazii v usloviyah sovremennogo miroustroistva: tendentsii i podhody k obespecheniyu stabil' nosti.-Dushanbe, 2014, S.173-177.

Maitdinova G.M. Ekologicheskaya situatsiya v Central'noi Azii: problem i perspektivy resheniya // <http://www.contur.kz/node/2968>

Abaidel'dinov E.M. Voprosy obespecheniya ekologicheskoi bezopasnosti v regione Central'noi Azii // Sbornik materialov konferentsii "Sovershenstvovanie instituta predstavitel'stva: voprosy pravotvorchestva i pravoprimereniya". - Astana, 2012.

"Yidaiyilu" zhuan ti yanjiu baogao. Beijing Shifan daxue Zhongguo shichang . Jingji yanjiu zhongxin Taihe zhiku. 2018nian 1yue.

Dmitrii Bokarev. Ekologicheskie problemy Kitaya: est' li vyhod? // <https://ru.journal-neo.org>

Riben Songxia zai Dalian toule 20 ge yi, chuangjian chezai dianchi gongchang// [http://www.sohu.com/a/141826100\\_555290](http://www.sohu.com/a/141826100_555290)